



18+

газета издается с 26.06.2004 года

ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

№ 28/724

16 июля 2021 года

Тәуелсіздікке 30 жыл

Пресс-служба информирует

«ҚАЗАҚ» АТАУЫН ҚАШАН ҚАЙТЫП АЛДЫҚ?

Тура бес айдан кейін еліміз тәуелсіздігінің отыз жылдық мерекесін тойлайтын болады. Құдай қаласа, ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздік бізге оңайшылықпен келген жоғын да жақсы білеміз. Егемендікке деген алғашқы ұмтылыс КСРО саяси бюросының шешімімен

Мұның астарында қандай себеп бар? Саясаттанушы Ерлан Саиров айтады. «Патшалық Ресей Орталық Азияны зерттемеді. Тарихты зерделемеді. Кімнің кім екеніне бойлай қоймады. Ерлан Саиров, саясаттанушы: – Шынын айту керек, Орталық Азия халықтары жөнінде, Закавказие



1986-жылы Д.Қонаевты орнынан алып тастап, қазақ елі туралы бір түйір түсінігі жоқ Геннадий Колбинді бірінші хатша етіп отырғызу қазақ жастарының намысын қоздырып, 16-желтоқсан күні алаңға алып шығуынан бастау алады. Талай ғасырлық тарихы бар қазақ елінің тізгінін бөтен біреуге бере салу – дүйім қазақты, оның елін менсінбеушілік еді. Бұған ар-намысты ту еткен жастарымыз төзе алмады. «Қазақ мемлекетін тек қазақ ұлтының азаматы, қазақ басқаруы тиіс» деген қағиданы ту еткен жастар бастарын бәйгеге тікті. Үш күнге созылған көтеріліс жастардың қанының төгілуімен, азапқа салынуымен, құдалауға ұшырауымен... кеңестік жүйенің «жеңісімен» аяқталғанынан толық хабарымыз бар. Дегенмен, бұл 15 Одақтас Республикалардың оянуын, тәуелсіздікке ұмтылысын ширата түсті. Ақырында, 1991-жылы барлық республика бірігіп, біртіндеп өз тәуелсіздіктерін жариялай бастады. Бұл қозғалыстың басында Ресей саясаткері Борис Николаевич Ельцин тұрғанын да жақсы білеміз. Кетуі кеткен кеңестік жүйе жетпіс жыл ғұмыр кешіп, өз жүрісін осылайша тоқтатты. Қазақстан да өз тәуелсіздігін алуға қол жеткізді.

Ендігі айтпақ қызықты дерегіміз, Ресейдің боданы болған талай жылдық тарихында қазақ елі өз атауынан қандай себеппен айрылып қалып, «қазақ» атауын қалай, қашан қайтып алғаны туралы болмақ. 1925-жылдың 19-сәуірінде кезіндегі Ақмешіт қаласында бесінші бүкілқазақ съезі өтіп, сол мәжілісте «Киргиз АКСР-і» болып жүрген республика өзінің «қазақ» атауын қайта алды. Бұл тарихи шешімге ықпал еткен кімдер? Патшалық Ресей бізді неліктен «қырғыз» атады? Қазақтың қазақ болғанына 96 жыл деуден аулақпыз. Тарихы тым тереңде жатқан ұлт екенімізге талас жоқ. Патшалық Ресейдің құрамында болсақ та, өз жерімізде өзімізді қазақ дедік. Тек орыстың ақпарат көздерінде, ғылыми еңбектері мен ресми органдарында 1925- жылға дейін «қырғыз» аталып келдік. Жамбыл Артықбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор: – Біз 200 жыл «қырғыз» аталып келдік. Қазақстанның Ресейге қосылған 1730-жылдары Ресей бізді «қырғыз» деп атады. Ең бірінші қырғыз-қайсақ, қырғыз-қазақ деп жүрді. Бірақ біртіндеп осы «қырғыз» деген атаумен бізді атады. Неге?

халықтарының тарихы, этнонимі жөнінде оларда мағлұмат аз болған. Сондықтан халықты бір-бірінен ажырата алмағандықтан, мысалы татар деп атаған. Әзербайжандарды «кавказские татары» дейді. Ал, Қырымдағы татарларды «крымские татары» дейді. Сонымен бірге осы Орталық Азияда елдерінде «киргизы-қайсаки, дикокаменный киргизы» деп атаған.

Қазақты «қырғыз» деген кімге жақсын?! Республиканың атауын өзгертейік деп зиялыларымыз бастама көтерді. Мәселен, 1913-жылы «Қазақ» газетінде Міржақып Дулатов «Түрік баласы» деген бүркеншік атпен «Қазақтың тарихы» атты мақаласын жариялайды. Араға бірнеше жыл салып, 1923-жылдың 15-ақпанында «Еңбекшіл қазақ» газетінде Сәкен Сейфуллин «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген тақырыпта мақала шығарады. Содан 1925-жылдың 19-сәуірінде қазіргі Қызылорда бұрынғы Ақмешіт шаһарында Қырғыз АКСР Кеңестерінің бесінші съезі өтеді. Сәбит Шілдебай, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты: – Осы съездің соңғы мәжілісінде сол кездегі Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов күтпеген жерден сөз алып, бүкіл қазақ халқының атынан ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс бойынша бірінші «қазақ» атауын қайтару ұсынысы. Яғни бұған дейін «қырғыз» аталып жүретін. Екінші ұсыныс – Ақмешіт қаласын Қызылорда деп өзгерту еді. Бұл екі ұсыныс та съезд делегаттары тарапынан қолдау тауып, съезд шешім шығарды. Ұлт қайраткерлері табан тіреп тұрып алған соң Кеңес Үкіметінде басқа амал қалмады. Сылтау таба алмады. Ақыры бұл іс орталық атқару комитетінде қаралып, 1925-жылдың 15-маусымында республиканы ресми түрде «Қазақ» деп атау жөнінде шешім қабылданады. Міне содан бері арада 96 жыл өтті. Қазақтың қазақ атануына ұлт азаматтары тер төкті. Қазақтың жанышыры, ұлт ұландары, зиялы қауым өкілдерінің ерен еңбегінің, табандылығының арқасын біздің еліміз сол кезден бері «қазақ» аталып, Қазақстан Республикасы деген атауды толыққанды иеленіп келеміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, қазақ елінің мәңгілік жасай беруді қалаймыз және сол үшін күресуге дайынбыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

БУДНИ ГОРОДА

13 июля текущего года аким города Сапар Сатаев совместно с начальником отдела полиции Болатом Рыспековым и прокурором города Айдаром Досмаковым принял участие в совещании по итогам оперативно-служебной деятельности отдела полиции за первое полугодие и планах на текущий год.

О проделанной работе по противодействию правонарушений и обеспечению общественного порядка докладывал начальник полиции города. В результате принимаемых мер, количество преступлений сократилось на 40%, в т.ч. количество преступлений небольшой тяжести - на 42,3%. В целях недопущения преступлений в сфере семейно-бытовых отношений, участковыми инспекторами взяты на профилактический учет лица по различным категориям. Усилены меры по профилактике правонарушений в области природоохранного и экологического законодательства. На особом контроле находятся вопросы организации работы с несовершеннолетними.

Глава города отметил работу полицейских и призвал к «нулевой терпимости» по любым видам правонарушений, а также заверил присутствующих, что в целях улучшения результатов работы, со стороны местного исполнительного органа будет

организации города осуществляют уборку на закрепленных территориях. Не остались в стороне и сотрудники войсковой части 06708 ВС РК. Ими проведена большая работа по уборке прилегающих территорий



к части. Данную работу ежедневно продолжают и бойцы отряда «Жасыл Ел».

В купальный период остаются актуальными вопросы безопасности на воде. Так, сотрудниками ЧС, совместно с личным составом ПЧ-15 ГУ «СПиАСР», местными исполнительными органами и местной полицейской службой проведены рейды по патрулированию по информированию населения на озере Балхаш. В ходе рейдовых мероприятий с жителями и гостями города, проведен инструктаж по профилактике соблюдения элементарных правил поведения в купальный период и недопущения несчастных случаев на воде с вручением агитационных материалов (памятки, лис-товки) предупредительного характера.

В период пандемии, в рамках проведения профилактических мероприятий по недопущению распространения коронавирусной инфекции подрядная организация – ТОО «Приозерск Клининг» с 8 июля текущего года начала второй этап работ по дезинфекции побережья озера Балхаш



общей площадью (10га) и дератизации жилых домов (78000 м2). Третий этап вышеуказанных работ, запланирован на август месяц текущего года.

Чистота города, здоровье, безопасность населения постоянно находятся под контролем местных исполнительных органов.

Все вышеперечисленные мероприятия внесли свой вклад в благоустройство города. И очень важно, чтобы наши жители не остались в стороне от этих массовых мероприятий.

Пресс-служба
акима города Приозерск



оказано содействие по оснащению отдела полиции всеми необходимыми средствами. Он поручил рассмотреть вопрос увеличения числа камер видеонаблюдения, для обеспечения общественной безопасности и своевременного реагирования на любые нарушения общественного порядка и чрезвычайные происшествия.

«Необходимо увеличить количество видеокамер, установленных на улицах, местах массового скопления людей, а также в школах, больницах, административных зданиях, подъездах домов, которые будут позволять в режиме онлайн следить за обстановкой в городе, из дежурной части отдела полиции», - сказал аким города.

Заметно активизировались жители города по вопросам санитарной очистки улиц и вывозу мусора с площадок для контейнеров. На основании многочисленных жалоб жителей, за несвоевременный вывоз мусора оператор ТОО «Калкан-2009» привлечен к административной ответственности по ст. 505 КОАП РК (нарушения правил благоустройства территории города и населенных пунктов).

За выброс мусора в неположенном месте отделом полиции привлечены к административной ответственности также и отдельные жители домов по улице Кошкарбаева 7/1 и улицы Дружбы Народов 4/2. Участковыми полицейскими на данных граждан наложены штрафы и проведены разъяснительные работы.

Продолжаются «Чистые четверги» по благоустройству и облагораживанию улиц, дворов, пляжных территорий. Еженедельно, все государственные учреждения и



Денсаулық шебінде

Нотариус кеңесі

КОВИДПЕН КҮРЕСУШІ МЕДБИКЕ

Ақ желеңін жамылып, науқас жанның қасынан табылып, емханаға келушілерге қалтқысыз қызмет етіп жүретін және олардың науқастан күйзеліске түскен жандарына жалау бола білетін мейірбикелердің жұмысының аса қиындығын екінші бірі біле бермейді. Бұл ақ желеңді абзал жандар мектепті бітіріп, мейірбикелік қызметке қызығушылықпен медициналық оқу орнына барғанда аталмыш қызметтің ауырлығын біле де қоймаған шығар. Дегенмен, қолдарына диплом алып, өз міндеттеріне кіріскен соң, осы саланың ыстық-суығына біржолата кірісіп кетеді. Бұдан әрі алдарынан не кездесе де, бәріне шыдауларына тура келеді. Медицина саласындаузақ жылдардан бері қызмет етіп жүрген және медициналық қызметке мұқтаж қала тұрғындарының құрметіне бөленген ақ желеңді абзал арулар мен аналар біздің қаланың орталық ауруханасында да жетіп артылады. Солардың бірі жайлы атап өтер болсақ, ол Тойжан Әлімханқызы Әлменова. Осы салада қырық жылға жуық қызмет етіп, талай жылын өткерген, биыл зейнетке шыққалы отырған Тойжан бүгінде үлкен тәжірибеге ие мейірбике.



Тойжан Әлменова Өзбекстан Республикасы Науан облысына қарасты Кенімек ауданының Қарақата ауылында туып-өскен. Осы ауылдағы орта мектепті 1978-жылы бітірісімен, өзінің қалауы түскен Бухара қаласындағы Әбу Әли Ибн Сино атындағы әйгілі медициналық техникумға құжаттарын тапсырып, студент атанады. Қызының бұл қалауын марқұм анасы да қатты қолдап, өз тарапынан көмек көрсеткен. Бұл оқу орнының ұзақ жылдық тарихы бар, кеңестік кезеңнің өзінде абырой-беделі жоғары болды. Студенттерге қатаң талап қоятын және соған сай білім де беретін. Бұл жерде оқу абыройлы іс әрі жауапкершілікті талап ететін. Соның арқасында терең біліп алып, өз салаларының қыры мен сырына қанығып, мамандықтарын жақсы меңгеруге қол жеткізген.

Техникумды жақсы оқып, бітірген соң қайда баруы қажеттігі талап етілгенде де ол өзінің туған ауылын таңдады. Ол кезде ауылдық жерлерде медицина мамандығына тапшылық пен қажеттілік әлі де жетерлік еді. Жергілікті ауылдық амбулаториялық аурухана ұжымы ауылдарынан шыққан жас маманды жатсынбай, құшақ жайып қарсы алды. Қағілез қыз еңбек жолына білек сыбана бастап кеткен. Осы жерде жүріп өзі бұрыннан танытқан, бір мектепті араға бір жыл салып бітірген өнерлі жігіт Әбдіраман Жүсіповпен махаббаттарын ұластырған болатын. Араға уақыт салып отау тікті және екеуі жас мамандар ретінде күйеуінің туған жеріне барып, өздерінің шанырақтарын көтерген. Өміржолдасы ауылдық клубта бірнеше музыкалық аспапта ойнап, ән салып ауыл өнерін дамытуға атсалысса, өзі

ауылдық амбулаториялық ауруханаға еңбек қазығын қадады. «Ағаш бір орнында көгереді» демекші, осы ауылда олар да көгеріп-өсіп, жетілді. Ұлдары Нұркен және қыздары Көркем мен Меруерт дүниеге келді. Сол бір заманда тойларда ансамбльдер ойнатылып, сәнге айналғанда Әбдіраман «Рауан» вокалды аспаптар ансамблін құрып, жетекшілік етті және ауыл арасын біраз уақыт дүркіретті. Қойлы ауылдарға өнер сапарымен шығып, оларға тиесілі барлық қызмет түрлерін көрсетіп тұратын. Аудандық, облыстық өнер байқауларында жеңімпаз атанып жүрді. Ол да бір есте қалатын, қызығы мен шыжығы көп жастық дәурен болыпты.

Кеңестік заманның дәуірі бітіп, қабырғасы сөгілген тұс бұларға да біраз ауыртпалық әкелген еді. Бұдан әрі бұл жақта қалудың ретін таппаған олар Қарағанды облысының Приозерск қаласына көшуге бел байлаған. Бұл жерде жақын туысқандары, таныс-біліс, дос-жарандары жасап жатқан. Міне, сол кезден бері жиырма жылдан астам уақыт өмірлері осы қалада өтті. Балалары аяқтанып, немерелерін сүйді. Тойжан Әлімханқызы әлі де сол өзінің сүйікті қызметін атқарып жүр. Қазір ол емхананың жауапты әрі ауыр бөлімінде мейірбике болып істейді. Психонаркологиялық диспансерде мейірбике болудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жерге кез-келген жан шыдап жұмыс істей алмауы мүмкін. Т.Әлменованың мол тәжірибесі мен науқастармен тіл табыса алатын сыпайы мінезі осы жерде тұрақтап қалуына ықпал етуде. Психонарколог дәрігер Қабылғазы Көшербайұлы Тойжанның қалтқысыз қызметін айрықша бағалап, жылы лебізін білдіріп отырады және оның медицина саласындағы орасан еңбегін өзге әріптестеріне үлгі етіп айтып жүреді.

Өзі қалап киген ақ желеңімен саналы өмірінің қырық жылға жуығын артқа тастаған тәжірибелі мейірбике бүгінде Әбдіраманмен екеуінен өрбіген ұрпақтардың кейуанасы, отбасының ұйтқысы. Тұңғышы Көркем мен кенжегі Меруерт екеуі де анасының жолын қуып, медицина саласын таңдаған. Тойжан Әлімханқызының медицина саласындағы нағыз маман екендігі 2019-жылы күллі әлемге тараған КОВИД-19 жұқпалы дертін белең алған кезінде нақтылана түсті. Өз тарапынан алдына келген науқастарға жұқпалы дерттің қауіпті екендігін түсіндіріп, ақыл-кеңес беріп отырды. Биылғы жылдың басында екпе салу бойынша Қарағанды қаласында ковидке қарсы екпе салатын арнайы курстан өтті. Аурухана басшылығы Тойжанды өте тәжірибелі медбике ретінде әдейі таңдады. Қазіргі таңда ол дертке қарсы екпе салуда. Тек қала тұрғындарына ғана емес, Сарышаған кенті мен Тасарал ауылының тұрғындарына әдейілеп барып, осы жұмыспен тиянақты айналысуда. Жүрген жерінде ковидке қарсы тұрып, одан біржолата құтылу үшін екпе салдырудың аса маңызды екендігін насихаттап, сол арқылы тұрғындардың екпе алуларына үлкен ықпал етіп жүргені де өз ісіне берілген, халық денсаулығын ойлайтын жанашыр және білікті маман екенін дәлелдей түсуде. Екпе салдыруға келетін, келіп жатқан адамдардың көңілдерінде күдік пен сауал да жоқ емес. Әлеуметтік желі арқылы тарап жатқан әртүрлі теріс хабарламалар олардың психологиясына жағымсыз ықпал ететіні сөзсіз. Осындай сауалдарды екпе салғалы тұрған Тойжанға да қойып жатады. Ол болса өз тарапынан күдік пен қорқыныш тұтқынындағы келушілерді сабырға шақырып, оларға түсінікті тілде түсінік жұмыстарын жүргізуге дайын. Бұл өзінің медицина қызметкері және азамат ретіндегі міндеті санайды.

Биылғы күзде зейнетке шығатын Т.Әлімханқызының еңбектегі жолы осы медицина саласында басталып, осы салада аяқталмақшы. Т.Әлменоваға еңбекте де, зейнетте де зор денсаулық, қажымас қайрат, жақсылық пен жетістік тілейміз біз де!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: Т.Ә.Әлменова жұмыс орнында

ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2021 жылдың 1 шілдесінде «Нотариат туралы» заңға түзетулер күшіне енді және нотариустардың көмегімен азаматтық айналым одан да ыңғайлы, қарапайым және тиімді болды. Бірінші күннен бастап тұрғындар арасында жаңа іс шаралар сұранысқа ие болды, ал алғашқы экстерриториялық мәмілелер және эквиваленттік ұсыныстар елдің көптеген аймақтарында жасалды.

Енді сіз:

1. Экстерриториялық.

Сіз объектінің орналасқан жеріне қарамастан елдегі кез-келген нотариуста жылжымайтын мүлікпен мәміле жасай аласыз. Егер тараптар Приозерск қаласында ал пәтер Нұр-Сұлтан қаласында болса, астанаға асығудың немесе сол жерге сенімхат жіберудің қажеті жоқ. Приозерск нотариусына хабарласып, мәмілені аяқтандырыңыз.

2. Нотариалды куәландырылған телепортация.

Нотариаттық құжатты елдің басқа аймағына немесе қаланың басқа бөлігіне ауыстыру үшін сізге әуежайға немесе вокзалға асығудың, такси немесе курьерге қоңырау шалудың қажеті жоқ. Электрондық құжатты қағаз құжатына баламалы етіп жасаудың және керісінше жаңа нотариаттық іс-әрекеттердің арқасында сіз қағаз құжатымен нотариуспен байланыса аласыз, нотариус оны сканерлеп нотариаттық жүйеге жүктейді. Сізге алушыға өткізетін құжаттың егжей-тегжейлері туралы хабарланады, ал елдің кез-келген аймағындағы адам нотариусқа жүгініп, осы мәліметтерді бере отырып, сіз жүктеген құжатты алады. Ол құжаттың түпнұсқасына (сенімхат, келісім, өтініш, көшірме және т.б.) баламалы болады.

3. Материализацияланбаған актілер.

Сіз электрондық құжат түріндегі кез-келген транзакцияны нотариуста жеке куәлігіңіздегі ЭЦҚ-мен қол қою арқылы немесе нотариустың графикалық планшетінде қол қою арқылы жасай аласыз. Мұндай құжат нотариаттық жүйеде сақта-



лады, ол жоғалмайды, өзгеріске ұшырамайды және бүлінбейді. Сіз оған кез келген уақытта қол жеткізе аласыз.

4. Жеке басын куәландыратын құжат нотариусқа барғанда қажеті жоқ.

Егер сіздің телефоныңызда eGov Mobile қосымшасы болса, онда сіз нотариусқа барғанда сізге жеке куәлік немесе төлқұжат қажет емес. Телефондағы құжаттың электрондық кескініне қол жетімділікті ашыңыз, пайда болған кодты нотариусқа айтыңыз, нотариус бұл суретті өзінің жүйесі арқылы алады және сіздің жеке басыңызды анықтайды. Сондай-ақ, адамның электронды нотариалдық құжаттары eGov Mobile жеке кабинетіне жүктеледі деп жоспарланады.

5. Құжаттардың жаңа келбеті.

Әрбір нотариалдық құжатқа бірегей нөмір мен QR код беріледі. Сіз оны әр нотариаттық құжат басталағын титулдық беттен таба аласыз (көшірмелер түріндегі бірнеше ерекшеліктермен және тағы басқаларымен), және оған телефон камерасын бағыттау арқылы оның дұрыстығын тексеруге болады.

С.С.Қарабеков,
Приозерск қаласының жекеше
нотариусы, Қазақстанның құрметті
заңгері.

Интересное рядом

В ВКО ОБНАРУЖЕНЫ УНИКАЛЬНЫЕ ЗОЛОТЫЕ АРТЕФАКТЫ

В Тарбагатайском районе при раскопках кургана Елеке Сазы археологи обнаружили уникальные золотые артефакты эпохи древних тюрков, сообщил аким ВКО Даниял Ахметов.

"Буквально два дня назад наш прославленный археолог Зейнолла Самашев в Тарбагатайском районе обнаружил уникальные золотые артефакты, на которых изображены главы каганатов в коронах. До сегодняшнего дня никто и никогда при археологических раскопках не находил ничего

"Очень важно, что над книгой работают учёные, которые известны своими историческими открытиями, чей профессионализм и уровень знаний не вызывают ни тени сомнения. Они работают над совершенно уникальным трудом, который позволит исключить любые домыслы и обнаружить только исторически достоверные факты", – подчеркнул аким области.

Отдельная часть эпохального исторического труда будет посвящена личностям, без которых нельзя представить себе исто-



подобного. Я уверен, что и это мировое открытие будет описано на страницах трёхтомника, а сами артефакты займут своё достойное место среди музейных экспонатов", – рассказал Даниял Ахметов в соцсетях.

Д.Ахметов встретился с группой учёных-историков и археологов, которые входят в состав редакции трёхтомника, посвящённого истории Казахстана. В это издание, в частности, войдут результаты научно-исследовательской работы под руководством профессора Зейнолла Самашева.

рию Казахстана. Особое место в трёхтомнике должен занимать период с 1985 по 1991 год, когда решался вопрос о независимости Казахстана.

В 2020 году золотой клад на могильнике Елеке Сазы нашла группа учёных Казахского национального университета имени аль-Фараби под руководством археолога, профессора Абдеша Толубаева. Обнаруженные 850 золотых изделий предположительно являлись фрагментами одного комплекта парадной конской упряжи правителя сакского общества.

Источник: <https://informburo.kz>

ДИНИ САУАТ – АДАСТЫРМАС ҚҰРАЛ

Дін және қоғам

Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе галамтор беттерінен шет елдердегі және Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің галамдық деңгейде проблемалық жағдай ретінде орын алып отырғандығының белгісі.

Қазақстан әлем елдеріне көптеген конфессиялар мен ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүру мекені ретінде танылғаны рас. Дегенмен, діни экстремизм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Қазірде діни экстремизм мен терроризм ұғымы ислам дініне таңылған қауіпті қосымша екендігі өкінішті және ақиқат болып отыр. Ғасыр басындағы қарулы қақтығыстар жиі орын алған Ауғанстан, Ирак, Израиль-Палестина аймақтарындағы террористік актілерді ислам атын жамылған радикалды топтардың өз мойындарына алуы ориенталистік бағыт ұстанушылардың «ислам терроризмі» теориясын іс жүзінде дәлелдеп бергендей болды. Бұл жағдай Қазақстандағы діни экстремизмнің табиғатын айқындай түседі. Өйткені, тәуелсіздік аланнан кейінгі діни жаңару халықтың басым бөлігінің исламға бет бұруы ата дінімізге үлкен сұраныс туғызды. Кенестік кезеңдегі діни мамандар дайындаудың тоқтатылуы, сәйкесінше қажетті мамандардың жетіспеуі ұлты, ұстанымы басқа шет елдік ислам мамандары мен уағызшыларының елге ағылуының басты себептерінің бірі болды. Мұндай уағызшылардың арасында радикалды бағыттағы, экстремистік көңіл күйдегі («Хизбут Тахрир», «Таблиғи жамағат», уахаббилер т.б.) топтардың өкілдері болды. Мұндай топтарды тоқсаныншы жылдардың соңына қарай Өзбекстан мемлекеті бас көтере бастағанда-ақ жойып жібергеннен хабардармыз.

Діни экстремизм арнайы оқулықтарда діни экстремизм «басқа дін ұстанушылар мен дінді ұстанбайтындарға төзімсіздікті уағыздау, өзге діндерге нақты бір діни ілім шеңберінде қарау, бағалау. Басым жағдайларда діни экстремизм дінге қатысты болмай, саяси немесе өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін, нақты бір дін қағидаларын жамылғы ете отырып, зиянды әрекет ету» деп көрсетіледі. Осы анықтамадағы сипаттамаларды негізге ала отырып қарастыратын болсақ, жоғарыда айтылған дәстүрлі емес діни ағымдардың ұстанымдарын экстремистік деп бағалауға болады. Елімізде мұндай ағымдардың таралу аймақтары да әр түрлі. Сарапшылар пікіріне сүйенсек, жихадқа шақыратын экстремистік ағымдар еліміздің батыс өңірлерінде кең таралған. Олар бұл үдерісті батыс өңірінің экономикалық қуатына, яғни мұнай шикізатына қызығушылық (аталмыш топ мүшелерінің мұнай құбырларынан мұнай ұрлау фактілері анықталды), Ресеймен шекараластық, әсіресе, «әлемдік жихад» экстремистік тобы әрекет ететін Астрахан облысымен шекараластық, сондай-ақ, халықтың дәстүрлі ислам қағидаларынан хабарсыздығын алға тартады. Жалпы діни экстремизмнің еліміздегі қай аймақта болмасын таралуына себеп болатын бірнеше алғышарттарды атап өтуге болады. Ең алдымен бұл діни сауатсыздық. Дінге толық таныммен келмеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі болып отыр. Бұл жерде Абайдың иманды «якини» және «тақлиди» деп бөліп қарастыруы өзекті болуда. Мұның

алғашқысы танымнан, ақыл дәлелінен туындайтын шын иман. Екіншісі «өзі ештеңені білмей, еш нәрсе туралы ойламай, дін иелерінің сөзіне еріп, «ел қалай көпсе, мен де солай көштім» деген надандықтан шыққан соқыр сезім, үстірт наным» – бұл қазіргі қоғамға тән, діни сауатсыздықтың көрінісі, діни радикалданудың себебі болып отыр.

Тұрғындардың арасында, әсіресе жастардың өзгелерге еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген діншілдікке әкеледі. Мұндай соқыр сенім діни фундамента-



лизмнің, соның ішінде діни фанатизмнің алғышарттары болуда. Фундаменталистік көңіл-күй экстремизмге апарар жол, өйткені экстремистік пайымда өзіндік ғана діни ұстанымы ең шынайы, ақиқат әрі таза деп ұғынылады. Өзге дін өкілдеріне төзімсіздік, қысым көрсету секілді көңіл-күй туындайды. Мұндай ұстаным өз сенімін, көзқарасын мейлінше кең тарату, қажет болса күштеп тану әрекетіне саяды. Осы жағдайда, діни мотивтегі терроризм көрінісі мен оның өкінішті салдары орын алады. Ғаламтор кеңістігіндегі экстремистік идеялар тарататын сайттардың еркін қолжетімділігі де маңызды себептердің бірі болып табылады. Мұндай сайттарды екіге бөліп қарастыруға болады. Мысалы, кейбір сайттар мұсылмандардың қысымға ұшырауы, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі мұсылмандар туралы ақпараттар, қанға бөккен адамдардың суреттерін, бейне-материалдарды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылмандарға жау ретінде көрсетуге ұмтылады. Сондай-ақ, сайттағы түрлі шейхтардың уағыздары бейнежазба түрінде таратылады. Уағыздарда зайырлы биліктің исламға жат екендігі, мұндай мемлекет басқарушылары, дін қызметкерлері «діннен шыққандар» деген пікір мейлінше дәлелді айтылып, оларға бағынбауға шақырылады. Мұндай ақпараттар сауаты төмен, өзін мұсылман санайтын адам санасында қысымдағы мұсылмандарды құтқару мен халифат сипатындағы мемлекет құруға қатысу, қажет болса, құрбан болу туралы ой туындайды. Өз ойын сайтта берілетін жихадқа шығу, шахид болу туралы хадистер мен аяттар арқылы нығайтып, өзгермес ұстанымға, өмірлік мақсатқа айналдырады. Келесі

сайттар адамды бірден қарулы жихадқа шығып, зайырлы билікті құлатуға шақырмайды. Олар зайырлы билік немесе өзге діндегілер туралы сыни пікірлер білдірмейді. Мұндай сайттардың сыртқы безендірілуі де тек исламға арналған ақпараттық портал түрінде берілуі мүмкін. Олардағы басты мақсат – мемлекетте ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі дінді бөлшектеуден басталады. Мысалы, бір сайтта Рамазан айында оразаны бұзудың тыйым салынғандығы туралы: «Ораза тұтудан, оның міндеттілігін мойындамай бас тартқан адамның кәпір (дінсіз) екеніне ғалымдар бір

Діни сауатты болу үшін белгілі-бір діни курсты бітіру шарт емес. Діни сауаттылық ұлттық тарих, дәстүрмен қатар, әлемдік деңгейдегі үрдістерден хабардар болудан құралады. Өз Отанын сүю мен дәстүрін ұстану, тарихын қастерлеу діни сауаттылықтың бір қыры. Өйткені, қазақ тарихына үңілген кез-келген адам қазақ халқында өзге елді жаулау, өзге ұлт пен дінді кемсіту секілді көріністердің орын алмағандығын көреді. Сондай-ақ, ұлттық дәстүрдің ислам шарттарына қарсы келмейтіндігін, тіпті үндесіп тұратындығын байқау үшін де асқан сауаттылықтың қажеті жоқ.

Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «Дінтану» курсы өзекті бола түседі. Ортаңғы білім беру мектептерінде 2009-жылдан бастап оқытылып келе жатқан аталмыш пән қазіргі таңда жаңарту мен толықтыруды қажет етеді. Өйткені, қазіргі таңдағы діни ахуал күрделене түсті. Сәйкесінше, «дінтану» пәнінің оқулығына әлемдік діндер мен дәстүрлі емес діни ағымдар туралы объективті мәліметтер берумен қоса діни экстремизм туралы түсінік, оның белгілері, ғаламтордағы көріністері секілді күрделі бөліммен толықтырылуы тиіс. Аталмыш пәннен сабақ беретін мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындалып, біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылуы қажет. Мұндай курстарда арнаулы мамандар мұғалімдерге экстремизмнің табиғаты, алғышарттары туралы мағлұматтар беріп, экстремистік сайттарды анықтау, салыстыру жолдарын үйретеді. Бұл шара ұстаздардың оқушылармен жұмыс істеуге дайындығын арттырады. Дін туралы білім мектеп қабырғасымен шектеліп қалмай, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында жалғасын тапқаны жөн. Студент жастар арасында дінтану курсы қабылдауға ауыр, қажетсіз, әйтеуір баға үшін оқылатын курстар қатарында қалмауын қадағалау да маңызды. Осы орайда, рухани-интеллектуалды жастар тәрбиелеу үшін дінтану курсының қосымшасы ретінде дінтануға қызығушылар клубтарын құру қажет. Мұнда дін мәселесіне қызығушылық танытатын студент-жастар, дінаралық сұхбаттастықты нығайту, діни сауаттылықты көтеру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу секілді түйткілді мәселелерге өз қарастарын қалыптастырып, оларды шешу бағдарламаларының жобасын дайындау секілді мәселелермен айналысады.

Қорыта айтқанда, дін туралы білімге ие, сауатты кез-келген адам өзінің рухани бағдарын дұрыс таңдайды, өзгенің дін ұстану, ұлттық, тілдік ерекшелігіне сыйластықпен қарап, құрмет көрсетеді. Яғни, Қазақстанда қалыптасқан дінаралық келісім татулықты сақтау мен келер ұрпаққа жеткізуге өз үлесін қосар болса, өз кезегінде еркін әрі қызығушылықпен жинақталған білім мен тәжірибе өмір соқпақтарында сүрінбеудің кепілі.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Қурбан айт

Сотрудники духовного управление мусульман Казахстана, главные имамы областей и представители министерства информации и общественного развития обсудили подготовку к Курбан айту, сообщает пресс-служба ДУМК.

Верховный муфтий Наурызбай жакы Таганулы напомнил, что в прошлом году запустили проект Qurban-2020, чтобы активизировать благотворительную деятельность в обществе и выполнить мусульманский долг, несмотря на пандемию в стране. Создали специальный сайт, на котором можно заказать услуги жертвоприношения, подать заявку на жертвенное мясо и получить всю информацию о

ДУМК ПРЕДЛАГАЕТ ДВА ВАРИАНТА ПРОВЕДЕНИЯ ЖЕРТВОПРИНОШЕНИЙ НА КУРБАН АЙТ

жертво-приношении.

Он сообщил, что сейчас ДУМК в связи со стабилизацией эпидемиологической ситуации в стране предлагает два пути реализации проекта Qurban-2021:

- организация офлайн-жертвоприношений на бойнях со строгим соблюдением санитарных правил и официальным разрешением государства;

- проведение онлайн-жертвоприношения через специально разработанный сайт Qurban-2021.

Вице-министр информации и общественного развития Серик Рахметоллаулы

заверил, что государство поддержит реализацию благотворительного проекта, который запланирован на Курбан айт.

В прошлом году из-за пандемии коронавируса в онлайн-режиме принимались заявки на обряд жертвоприношения и заявления нуждающихся и малоимущих горожан на получение мяса. Волонтеры доставляли мясо на дом.

Қурбан айт в 2021 году пройдет с 20 по 22 июля. 20 июля (вторник) будет выходным днем.

Источник: <https://informburo.kz>



Жоба

Проект

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ
25 МАУСЫМДАҒЫ XXXIV
СЕССИЯСЫНЫҢ № 34/238
«ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ,
ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МҰҚТАЖ
АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН
САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН
АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН
БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2690 тіркелген, 2014 жылғы 25 шілдедегі № 30/363 «Приозерский вестник» газетінде, 2014 жылғы 29 шілдедегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

8 тармақ мынадай мазмұндағы 16-4) тармақшамен толықтырылсын:

«16-4) мүгедек балаларды және 1-топтағы мүгедектерді санаторлық-курорттық емдеуге алып жүретін адамдар;»;

15 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

«15. Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға мынадай құжаттар:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатпен;
- 2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;
- 3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

Санаторийде мүгедек балаларды және 1-топтағы мүгедектерді алып жүретін адамға санаторлық-курорттық емдеу құнының кепілдендірілген сомасын төлеуге 50 % өтеу түрінде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші санаторлық-курорттық емдеу алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей уәкілетті органға мынадай құжаттар:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатпен;
- 2) шот-фактура немесе фискалды чекпен қоса өтініш береді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

У.Алмас

Қалалық мәслихат хатшысы

Б.Сарсембеков

**О ВНЕСЕНИИ
ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ
В РЕШЕНИЕ XXXIV СЕССИИ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО
МАСЛИХАТА ОТ 25 ИЮНЯ 2014 ГОДА
№ 34/238 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ
ПРАВИЛ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ
ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ РАЗМЕРОВ
И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ
ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ
НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение XXXIV сессии Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года №34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2690, опубликовано в газете «Приозерский вестник» от 25 июля 2014 года № 30/363, в информационно-правовой системе «Әділет» от 29 июля 2014 года) следующие изменения и дополнения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденных указанным решением:

пункт 8 дополнить подпунктом 16-4) следующего содержания:

«16-4) лица, сопровождающие детей-инвалидов и инвалидов 1 группы на санаторно-курортное лечение;»;

пункт 15 изложить в следующей редакции:

«15. Для получения социальной помощи при наступлении трудной жизненной ситуации заявитель от себя или от имени семьи в уполномоченный орган представляет заявление с приложением следующих документов:

- 1) документ, удостоверяющий личность;
- 2) сведения о доходах лица (членов семьи);
- 3) акт и/или документ, подтверждающий наступление трудной жизненной ситуации.

Для получения социальной помощи, которая назначается независимо от доходов лица (членов семьи), сведения о доходах лица (членов семьи) не предоставляются.

Для получения социальной помощи в виде возмещения 50 % на оплату гарантированной суммы стоимости санаторно-курортного лечения сопровождающему лицу детей-инвалидов и инвалидов 1 группы в санатории, заявитель не позднее 30 (тридцати) календарных дней после получения санаторно-курортного лечения, представляет в уполномоченный орган заявление с приложением следующих документов:

- 1) документ, удостоверяющий личность;
- 2) счет-фактуры либо фискальный чек.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии

У.Алмас

Секретарь городского маслихата

Б.Сарсембеков

Обсуждение НПА

Министерство обороны опубликовало проект закона "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам службы в резерве" на портале "Открытые НПА".

Целью принятия законопроекта является регламентация гарантированного комплектования Вооруженных сил военными резервистами как в период мобилизации, так и в период чрезвычайного положения природного или техногенного характера.

"Современные вооруженные конфликты показывают, что угрозы военного характера возможно решать только при наличии модернизированной армии, имеющей эффективные мобилизационные ресурсы. При этом, в Казахстане на военное время остаётся лишь один способ обеспечения Вооруженных сил людскими ресурсами – это проведение массовой мобилизации населения, что является наследием советской школы проведения мобилизации", – обосновали концепцию в министерстве.

В ведомстве отметили, что события в

**ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ В РЕЗЕРВЕ ПЛАНИРУЮТ
ВВЕСТИ В КАЗАХСТАНЕ**

Украине и Нагорном Карабахе выявили проблемные вопросы, связанные с мобилизацией Вооруженных сил, подготовкой и наличием военно-обученного резерва, а также своевременным прибытием военнослужащих из запаса для восполнения потерь или ротации личного состава.

"Возникает необходимость пересмотра современных принципов обеспечения воинских частей Вооруженных сил людскими ресурсами путём организации прохождения гражданами службы в резерве", – подчеркнули в Министерстве обороны.

При возникновении ЧС техногенного или природного характера в первую очередь будут применены военнослужащие в резерве. Это, объяснили в министерстве, позволит действующим военнослужащим продолжать боевую подготовку, не отвлекаясь на несвойственные функции.

Предполагается, что резервисты будут проходить воинскую службу через сборы и подготовку по военно-учётным специальностям в мирное время в порядке, определённом министерством. Подготовка будет

проходить один-два раза в год. Сборы будут длиться 30 дней, в общей сложности не более двух месяцев в год.

Резервистом также могут допустить к военной технике. Эти меры позволят сократить время для снятия техники с длительного хранения и привести воинские части в высшие степени боеготовности в максимально короткие сроки.

"Количество военнослужащих, проходящих воинскую службу в резерве, на первоначальном этапе введения такого вида службы с целью апробирования и изучения правоприменительной практики будет незначительным, возможно, до тысячи человек. В дальнейшем возможно увеличение бригад резерва и комплектование ими территориальных войск", – отметили в министерстве.

На законодательном уровне планируется предусмотреть, что за гражданином, поступившим на воинскую службу в резерве, сохраняется место работы, занимаемая должность и заработная плата,

неработающим полагается минимальная зарплата.

При приёме на работу военнослужащего резерва для работодателя предлагается предусмотреть налоговые и иные льготы, а также альтернативные способы стимулирования.

При разработке концепции в министерстве учли опыт зарубежных стран, таких как США, Великобритании, Германии, России и Беларуси.

Публичное обсуждение законопроекта продлится до 26 июля.

Источник: <https://informburo.kz>

**НАСЛЕДСТВЕННОЕ
ДЕЛО**

открыто после смерти
Картова Галымжана Ермаханбетовича,
умершего 09 апреля 2021 года.
Имеющимся наследником обратиться
к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу:
г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б,
тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15, Заказ № 28/724. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041